

**2014 жылғы жазғы кезеңде**  
**Оңтүстік Қазақстан облысындағы балалар мен жасөспірімдердің**  
**жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын**  
**ұйымдастыру туралы мәлімет**

Оңтүстік Қазақстан облысында биылғы жаз мезгілінде қала сыртында 22 сауықтыру лагері жұмыс жасады. Оның ішінде 11 мемлекеттік, 11 жеке меншік. Жаз бойы лагерьлерде 5 кезеңге оқушыларды қабылдап, жұмыстар жүргізілді. Қала сыртындағы 22 сауықтыру лагерінде 11765 бала сауықтырылып, демалды. Қосымша басқа облыстық, республикалық лагерьлер мен сауықтырылған шет елдердерде демалған оқушылар саны 25867. **Барлығы 37632. Бұл 8,5% пайызды құрайды.**

Сонымен қатар, мектеп жанындағы 436 сауықтыру лагерінде 56243 бала бір мезгіл тамақпен сауықтырылды.

Әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмек қолын беру, олардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджет есебінен тегін жолдама беріліп, 10 мыңға жуық бала сауықтырылды.

**Түлкібас** ауданындағы «Самал» лагерінде облысымыздағы 5 балалар үйлерінің жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 300-ге жуық тәрбиеленушілер жаз бойы демалды.

Облыс бойынша 2013-2014 оқу жылында КТІЖБ есепте тұрған 207 бала жазғы демалыспен қамтылды.

Лагерьлерге қоса, **жөндеу-құрылыс бригадалары** барлық мектептерде ұйымдастырылып, 9-10 сынып оқушылары өз мектептеріндегі жөндеу-құрылыс жұмыстарына қатысты және **650 мектепте 130 мыңға жуық бала тамақсыз күндізгі уақытта** демалды. **Бұл 30% пайызды құрайды.**

Аула, қызығушылығы бойынша клубтарда жаз айлары кезінде балалар үшін түрлі үйірме жұмыстары, көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар серуенге шығып, аула клубтары арасында спорттық ойындарға 85 мыңнан астам бала қатысты. **Бұл 20% пайызды құрайды.**

Жаз бойы балаларды экскурсия, саяхатқа апару жұмысы жалғасын тапты. Оқушылар табиғи орындарға, оның ішінде Машат, Біркөлік, Ақмешіт, Сайрамсу, Қасқасу, Өгем, Қаржантау, Қазығұрт, Боралдай, Ақсу-Жабағылы қорығына т.б. таулы аймақтарға, сонымен бірге тарихи көне орындарға, оның ішінде: Түркістан, Отырар, Сайрам, Қазығұрт, Бәйдібек т.б. жерлерге саяхатқа шықты. **Яғни, жұмыспен қамтылған жалпы бала саны 292005 немесе 66,3% пайызды құрайды.**

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 1-10 сынып оқушыларының жалпы саны - 439883. Олардың ішінде: 89642 мың бала демалыс және сауықтыру шараларымен, 130 мыңға жуық бала мектеп жанындағы тамақсыз лагерьлерде, ал 51 мыңнан астам бала жұмыспен, 41257 мың бала шығармашылықпен, 69748 бала спорттық-туристік жорықтармен қамтылып, жалпы облыс бойынша **381647 бала** жазғы демалыстың барлық түрлерімен қамтылды. **Бұл 86,7% пайызды құрайды.**